

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

КЕРЕК
ДЕРЕК

БИЫЛ АЛМАТЫДА:

208 көшеге сыртқы жарық жүйелері орнатылды

«Жас ұрпақтың ар-намысы жоғары болса, мемлекетіміздің мәртебесі биік болады»

Жалғасы. Басы 1-бетте.

– Біз үшін бұдан асқан қастерлі әрі маңызды мереке жоқ. Тәуелсіздігімізді нығайтып, елімізді одан әрі өркендету – қазіргі ұрпақтың қасиетті борышы. Сондықтан біз сіздерге зор үміт артамыз. Мемлекетіміздің келешегі – өздеріңіз! Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы, мемлекетіміздің мәртебесі. Ұрпағын аялай білген халық іргелі жұртқа айналатыны белгілі. Біз халқымызды әлемге танытқан ең асыл қасиеттерді сіздердің бойларыңыздан көргіміз келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен өткен Жастар жылында мемлекеттік органдар өскелең ұрпақты қолдау мақсатында көптеген жұмыс атқарған, бірнеше бағыттар бойынша жобалар іске асқан, оның ішінде баспанамен және жұмыспен қамту, сапалы әрі қолжетімді білім беру ісі қолға алынған.

– Еліміздің ірі қалаларында жұмысшы жастарға 9 мың пәтер беру туралы шешім қабылданды. Оны жалға алу құны айына 15 мың теңге ғана болады. Биыл 5 мың азамат мемлекеттен грант алып, жас кәсіпкер атанды. Алдағы үш жыл ішінде олардың саны 30 мыңға дейін көбейеді. Бұдан бөлек, 10 мың жас бизнесмен шағын несиенің арқасында өз өндірісін кеңейтті. Соның басын көпшілігі аудан және ауыл тұрғындарына арналды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың назарын олар үшін ашылып жатқан жаңа перспективаларға, жас буынның әлемдегі алдыңғы қатарлы университеттерде білім алу мүмкіндіктеріне аударды. Сондай-ақ, жастарды жетекші технологиялық компанияларда жұмыс істеуге, өз жобаларын озық



КЕРЕК ДЕРЕК

- Биыл 5 мың азамат мемлекеттен грант алып, жас кәсіпкер атанды. Алдағы үш жыл ішінде олардың саны 30 мыңға дейін көбейеді.
- 10 мың жас бизнесмен шағын несиенің арқасында өз өндірісін кеңейтті. Ауылды өркендетуге үлес қосқысы келетін жастарға 6 мыңнан астам жәрдемақы, баспана алу үшін 4 мыңға жуық несие бөлінді. Құрылыс отрядтары жанданып, 2 мыңдай студент жұмыспен қамтылды.
- Елімізде 14 жасқа дейінгі балалардың саны соңғы 5 жыл ішінде шамамен 1 миллионға көбейді. Қазір олардың саны 5 миллионнан асты.

ғылыми орталықтарда жүзеге асыруға шақырды.

– Кез-келген елдің табысы өз азаматтарының жекелеген жетістіктерінен құралады. Егер әрқайсысыңыз алдарыңызға қойған мақсатқа қол жеткізіп, өз қабілеттеріңізді арттырасыздар, мемлекет те табысты болады. Бүгінгідей жоғары бәсекеге қабілетті әлемде ешкім туганнан табысты бола алмайды және оған кепілдік те берілмейді. Ол үшін үнемі еңбектену керек, ең алдымен, өз-өзіңді дамытуың қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жастарды қолдау жөнінде бірыңғай кешенді бағдарлама жасау қажеттігін айтты.

– Бірыңғай бағдарлама өскелең ұрпақтың өзекті проблемаларын шешуге бағытталады. Ең бастысы, оның механизмі жастарымыз үшін қарапайым әрі түсінікті болуы тиіс. Жеке және кәсіби тұрғыдан өсу, жұмысқа орналасу немесе тұрғын үй алу үшін Қазақстанның қай жерінде, қандай мүмкіндіктер бар екенін әркім білуге тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті білім беру сапасы мен қолжетімділігін арттыру ісін негізгі міндеттердің бірі ретінде көрсетті. Мемлекет басшысы диплом басып шығаратын және тарататын мекемеге айналған жоғары оқу орындарына қатысты шара қабылдау қажеттігін талап етті. Сонымен қатар,

Президент Үкіметке жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің стипендиясын көтеруді тапсырды.

– Жоғары оқу орындары студенттерінің стипендиясын арттыру өзекті мәселелердің бірі екенін білемін. Бұл мәселеге көңіл бөлінбей қалды. 2016 жылдан бері стипендия көбейген жоқ. Сондықтан студенттерді қолдау үшін 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап бакалавриат, магистратура мен докторантурада оқитын студенттердің стипендиясын 25 пайызға өсіру жөнінде шешім қабылдадым. Бұл жалпы 130 мыңға жуық адамды қамтиды. Мұндай қолдау колледж студенттеріне де көрсетілетін болады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы Волонтер жылының міндеттері туралы айта келіп, бірнеше негізгі бағыттарға назар аударуды ұсынды. «Сабақтастық» жобасы аясында еріктілер балалар үйінің тәрбиеленушілерін өз қамқорлықтарына ала алады. «Саулық» бағыты бойынша медициналық волонтерлік дамиды, олар ауырған адамдарға жәрдем көрсетеді. «Таза әлем» жобасы қоршаған ортаны қорғауға бағытталған. «Асыл мұра» бағыты еріктілерді материалдық және рухани, мәдени-тарихи мұраларды сақтау жұмыстарына тартады. «Қамқор» бастамасы қарттар үйіндегі еріктілер жұмысын қамтамасыз етеді. «Білім» жобасы ауыл мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау жұмыстарына, ағылшын тілін үйретіп, компьютерлік сауаттылықты жетілдіруге көмектеседі. «Үміт» жобасы бойынша еріктілер Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 75 жылдығы аясында отандастарымыздың ерлігін баяндайтын құжаттарды іздестірумен айналысады.

Президент волонтерлікті ұлттық масштабта ғана емес, әрбір қала мен ауылда дамыту керек деп санайды. Сонымен қатар, ұжымдық волонтерлікті өркендетуге мемлекеттік аппаратты да, ұлттық және ірі компанияларды да атсалысуға шақырды.

– Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Қайырымдылық пен мейірімділік – қанымызға сіңген қасиет. Қазақ асар жасап, бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсету дәстүрі бар. Оның волонтерлікпен үндесетіні сөзсіз. Сондықтан алдағы жылы сол дәстүрді заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Шара соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың белсенді өкілдерін мемлекеттік наградалармен және Алғыс хаттарымен марапаттады. Сондай-ақ, ЭКСПО аумағында ашылған «ArtHUB» шығармашылық бастамалар орталығының жобаларымен танысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕЛІНІҢ ЕРКЕҒАЛИЫ

Рая ЕСКЕНДІР

Қазақ өнеріне орасан зор үлес қосқан «самародоктардың» саркыты КСРО Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Еркеғали Рахмадиевтің тұрған үйіне ескерткіш-тақта орнатылды.

Мемориалдық тақтаның ашылу салтанатында алғашқы сөз кезегін осы іс-шараға қолдау көрсеткен Алматы қаласы әкімшілігі атынан, қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ернар Құрмашев алды.

– Бүгін баршамыз үшін өте бір тарихи күн болып тұр. Қазақ өнеріндегі шоқтығы биік тұлғаға құрмет көрсетіліп жатыр. Соңғы жылдары қаламызда тұлғалар тұрған 70-ке жуық үйге осындай ескерткіш-тақталар орнатылған екен. Бүгінде ескерткіш-тақталар саны бес жүзден асып отыр. Баршамыз куә болып отырған бүгінгі Еркеғали Рахмадиевтің арналыған бұл ескерткіш-тақта да аға буынға көрсетілген бір құрмет болса керек.

Еркеғали Рахмадиевтің симфониялық, опералық, вокалды-аспаптық, камералық шығармалары ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, жанрлық салаларын байытты. Е.Рахмадиев сонынан мол мұра қалдырды. «Қамар сұлу», «Алпамыс», «Тың тынысы» опералары, «Амангелді», «Толғау», «Мейрам күйі» секілді поэмалары, хорға арналған вокалды-хореографиялық шығармалар, халық арасына кеңінен тараған әндер жазды.



Ұлттық музыка өнері мен мәдениетіміздің дамуына зор үлесін қосты. Халқына қалтқысыз қызмет етіп, өнеріміздің өрістеуіне зор үлес қосқан тұлғаға құрмет көрсетіп, есімін ұрпақ жадында мәңгі қалдыру елдіктің белгісі. Бүгінгі іс-шара халықтың ыстық ықыласы мен елінің махаббатына бөлінген тұлғаларына деген мемлекетіміздің құрметі. Ұлтымен, ұрпағымен мәңгі бірге жасай беретін Е.Рахмадиевтің отбасы мен шәкірттерін бүгінгі ерекше күнмен тағы да құттықтаймын, – деген Ернар Атымтайұлы атақты

композитордың өмірлік серігі Клара Рахмадиевамен бірге ескерткіш-тақтаның шымылдығын ашты.

Келесі кезекте сөз кезегін мемлекет және қоғам қайраткері Қажымұрат Нағыманов алды. Ерекше туған, қазақтың Еркеғалиы туралы айта келе, үлкенге де, кішіге де сыйлы кісімен әңгімесінің жараса кететінін, туа бітті өнері мен ішкі мәдениеті келіскен көркем кәсіп еді деп баға берді. Қарағандының симфониялық оркестріне Рахмадиевтің аты берілсе, Музыкалық академияның үлкен залына да Еркеғали аты берілді. Бұл – үлкен

құрмет. Еркеғали Рахмадиевтің есімінің ел есінде қалғанын көрсетеді деді.

Сондай-ақ, салтанатты жиында қазақтың заңғар жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабеков танымал тұлғаға деген сағынышын жеткізді.

– Еркеғали Рахмадиев біздің есімізде қандай шығармаларымен қалды? Өткен, мен композитор емеспін. Олай дейтін себебім, ірі жанрдағы композиторларымыз сиреп барады. Қазір қаптап кеткен «композиторлар» теледидарды жаулап алды. Ал құрделі шығармаларға баруға біздің әлі санамыз жетпей жатыр. Әлгіде айтқанымыздай композитор болсам, Еркеғали Рахмадиевтің «Таң самалы» деген әніне лейтмотив жасап, үлкен бір опералық шығарма жазуға болар еді-ау деп ойлаймын.

Еркеғали Рахмадиевтің соңғы жазған классикалық шығармасы, Әбіш Кекілбаев либреттосын жазған «Абылайханы». Егер осы арада фамилиясын Бородин деп өзгерткенде бұл әлемдік опера болатын еді. Тіпті, Димашты тура Мәскеу сияқты көрсете алмай жатқан жоқпыз ба? Біз әлі де барымызды бағалай алмай жатырмыз. Сондықтан тұлғаларымызды түгендеп, оларға лайықты құрмет көрсетіп отырайық, – деді.

Еркеғали Рахмадиевтің қазақ өнерінің дамуына қосып кеткен үлесі зор болса, артында ізін басып келе жатқан шәкірттері қаншама. Барлық шәкірттері атынан Владимир Пак сөз сөйледі. Қаламыздың Төлебаев пен Жамбыл көшесінің қиылысында орналасқан №162 үйде белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Шәріп Омаров та тұрған екен.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ЖОСПАРЛАРЫМЕН БӨЛІСТІ



Алатау ауданы өкімі аппаратының мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясы Алатау аудандық филиалының кезектен тыс XVI конференциясы өтті.



Елбасы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялаған болатын. Осыған орай, Алатау ауданының жастары атынан №154 мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Мейіркүл Көпбаева Жастар жылы жайлы сөз сөйлеп, алдағы жылға деген жоспарларымен бөлісті.

Қордай ЕСЕНБАЙ,

«Нұр Отан» партиясы Алатау аудандық филиалы қызметкері.



Заңсыз бой көтерген дәмхана алынып тасталды

Алматы қаласының орталығындағы заңсыз салынған дәмхана алынып тасталды. Сот орындаушылардың мәліметінше, «Apple Bar» дәмханасының жалпы ауданы 400 шаршы метр. Әуезов пен Қарасай батыр көшелерінің қиылысында орналасқан бір қабатты ғимаратты сот заңсыз салынған деп тапқан.

«МЖК пром» ЖШС-на қатысты өндірістік іс 2018 жылдың 28 қыркүйегінде қозғалған болатын. Содан бері серіктестіктің басшылығы сот шешіміне сәйкес, ғимаратты өзі бұзатыны туралы хабарлап келген. Алайда, ол уәдесінде тұрмады. Сол себепті, заңды тұлға ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 670-бабында қарастырылған әкімшілік жауапқа тартылды, — деп хабарлады қалалық Әділет департаментінің бөлім бастығы Мейіржан Тәңкібаев. Сонымен қатар, міндетін орындамағаны үшін аталған серіктестікке 50 АЕК (126 250 теңге) көлемінде айыппұл салынды.

Н.АСЫЛ.

Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әл-Фараби кітапханасында 14 мыңға жуық мүшесі бар «Нұр Отан» партиясы Бостандық аудандық филиалының кезектен тыс XXIV конференциясы болып өтті. Онда аудандағы бастауыш партия ұйымдары партияның 2016 жылы өткен XVII съезінде қабылданған «Қазақстан — 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты бағдарламасының орындалуын және «Нұр Отан» партиясының 2030 жылға дейінгі Бағдарламасы жобасын да талқылады.

300-ден астам делегат қатысқан конференцияда партияның аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Баймұрат Жамбыловтың Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауының іске асырылуын баяндайтын есебі тыңдалды. Жарыссөзге шыққан Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, халық қалаулысы, күрес Федерациясы президентінің еркін күрес бойынша кеңесшісі Ислам Байрамуков 120-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерін қанатына алып отырған Қазақ еліне ризашылығын білдірді. «Нұр Отан» партиясының 2030 жылға дейінгі «Әл-ауқаттық қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты» атты Бағдарламасы бойынша Саяси кеңес бюросының мүшесі Гүлнар Әлібекқызы да мазмұнды баяндама жасады.

Конференцияда партия қатарына жаңадан қабылданған бір топ азаматқа салтанатты түрде партия билеттері табысталды. Алқалы жиынды К.Байсейітова атындағы музыка мектебінің шәкірттерінен және Алматы құрылыс және халық кәсіпшілігі коллед-



жінің өнерпаздарынан құрылған екі оркестр күмбірлеген әсем күйлерімен өрледі. Ал О.Тансықбаев атындағы сәндік-қолданбалы колөнер колледжінің ұжымы қазақтың керемет колөнерінің нұсқаларын жұртшылық назарына ұсынды.

Б.ӘБДӨЛҰЛЫ,

«Нұр Отан» партиясы Бостандық аудандық филиалының кеңесшісі.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алдағы 10 жылда елімізде көзәйнек кимейтін адам қалмайды деседі

- Елімізде 28 мың отбасы жергілікті органдарда арендалық баспана кезегінде тұр.
- Ресейде соңғы 150 жылда 14 тіл жойылған.
- Жапонияда шошқа тырысқағы өршіп тұр.
- Үсік шалған жерге май жағу дұрыс емес.
- Денеден майдың шамадан тыс болуы иммунитеттің бөлсеңділігін төмендетеді.
- Күніне 30 минут аэробикамен айналысу иммунитетті көтереді.
- Қазақстанға шет елден импортталатын 250 тауар ел ішінде өндіріледі.
- Астана — Бурабай жолында төлемақы бір шақырымына — 1 теңге, ал ауыр жүк көліктері үшін төлемақы өзгеріп отырады.
- Орташа есеппен әр адам күніне фейсбукте, мессенжер, инстаграмда 50 минут уақыт өткізеді.
- Алдағы екі жылда тағы 5,5 мың шақырым үшін төлем алына бастайды.
- Наурыздан бастап Қазақстан мен Хорватия арасында әуе рейсі ашылады.
- Астана маңындағы ауылдарға қатынайтын автобустар аязға байланысты тоқтатылады.
- Алматыда таза сумен қамтамасыз етуді сандық жүйеге көшірудің бірінші кезеңі басталды.
- Ұлттық кардиохирургия орталығының мамандары адамның жүрегіне сымсыз қанайналым құрылғысын орнатты.
- Алматыда 35 ұлттық мәдени орталық бар.
- Әлемдік статистика тілімен айтсақ, дүние халқы аптасына 16,6 сағатты теледидарға, 8 сағатты радио тыңдауға, 8,9 сағатты интернет пен компьютерге жұмсайды екен.
- Әлемдегі кітапты көп оқитын ел Үндістан көрінеді. Олар орта есеппен аптасына 10,7 сағатты кітапқа

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Парламент Сенатының
төрағасы:



Мектеп киім үлгісі ұлттық дәстүрді негізге алу керек

Мектептерде орын алып отырған зорлық-зомбылық жағдайлары — барлық мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшілік екенін мойындау қажет. Бұл мәселеге көз жұмып қарауға болмайды. Осы түйткілдің шығу себептерін анықтап, мектептерді жайлаған қорқыныш пен үрейден түбегейлі құтылу үшін нақты шаралар қолдану қажет. Бұл — мұғалімдердің, ата-аналар мен жастар ұйымдарының, барлық деңгейдегі әкімдердің және тұтас қоғамның алдындағы маңызды міндетке айналуы тиіс.

Еліміздегі әрбір жас азамат өзінің діни сенімінен тыс мемлекетке, оның заңдары мен нышандарына құрметпен қарауы тиіс. Мектептердегі жүріс-тұрыс әдебі және киім кию үлгісі халықаралық тәжірибені, ең бастысы, халқымыздың ұлттық дәстүрлерін негізге алуы керек. Бүгінгі таңда діни сеніміне бола балаларды білім алу мүмкіндігінен айырып, олардың білім көздерінен қол үзуіне мәжбүр болған жағдайлар орын алып отыр.

бөледі. Ал ең аз оқитын ел көрістер деседі. Олар аптасына 3,1 сағаттың кітапқа жұмсайды.

- Билл Гейтс жыл сайын 50 кітап оқиды екен.
- Адамдардың 95 пайызы кітапты өте баяу оқитын көрінеді. Мәселен, 1 бетке 1,5-2 минут жұмсап, бар болғаны 180-200 сөз оқиды. Бұл, сірә, ойлы оқырмандар болу керек.
- Ең көп таралыммен шыққан Агата Кристидің шығармалары. Оның 78 кітабы әлемнің 44 тіліне аударылып, 2 млрд. -қа жуық данамен тараған.
- Ресей мектептерінің 70 пайызында қаржылық сауаттылық пәні өтеді екен.
- Үкімет жанынан көпбалалы отбасыларды қолдау жөніндегі жұмыс тобы құрылды.
- Мемлекеттік қызметкерлерге жұма күні еркін киінуге еркіндік беріліп, қарапайым адамдармен телефон арқылы сөйлесу ережесі қабылданады.

• XXI ғасыр соңына дейін мұхит түсі өзгертін көрінеді.

- Еліміздің халықаралық қорындағы алтын үлесі 47 пайызға жетті.
- Елімізде латын әліпбиін үйрететін мобильді қосымша жасалды.
- Қ.Тоқаев Қазақстан бойынша Туризм факультеттерін ашуды ұсынды.
- Дүние жүзі халқының 67 пайызы, яғни 5,11 млрд. адам мобильді құрылғыларды пайдаланады екен. Интернет пайдаланушылардың саны — 4,39 млрд. Кез-келген тығырықтан жол табатын Жапония халқы күніне орта есеппен алғанда әрі кеткенде 3 сағат 45 минут интернет қолданатын көрінеді. Бүгінде бұл да біз үшін бір дертке айналып отыр. Зерттеушілердің пікірінше, бұл дертке белгілі бір мөлшерде тосқауыл қоймаса, енді 10 жылда елімізде көзәйнек кимейтін адам қалмайды деседі.

ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ